

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
30.11.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 30.11.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

**ТӨРАҒА.** Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне иттердің ұлттық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Рахымжанов Әмірхан Мұратбекұлына беріледі.

**РАХЫМЖАНОВ Ә.М.** Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша заң жобасын әзірледі.

Таза мен төбет – қазақтың байырғы ит тұқымы, ұлттық мақтаныш, қазақ халқының ұлттық қазынасы, оның мәдени-тарихи құндылығы. Бұл тұқымдар біздің тарихымызбен байланысты және олардың шығу тегі ғасырлар бойы қалыптасқан.

Қазақы ит тұқымдарын сақтау және қорғау мен дамыту саласын мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін кең құқықтық және ұйымдастырушылық тәсілдерді талап етеді. Өйткені бүгінгі таңда қазақы ит тұқымдарының генофондының нашарлау үрдісі ғана емес, сонымен қатар еліміздің көптеген өңірлерінде толық жойылу қаупі бар. Қазақы ит тұқымдарының қолайсыз жағдайының негізгі себептері қазақы ит тұқымдарының генофондының жай-күйін бағалау, олардың генетикалық бейінін жасау бойынша ғылыми зерттеулердің болмауы, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың болмауы болып танылды.

Осы проблемалық мәселелерді шешу үшін заң жобасында қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздері белгіленеді, уәкілетті органның құзыреті бекітіледі.

Заң жобасымен қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары бекітіледі, олар:

- 1) қазақы ит тұқымдарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) қазақы ит тұқымдарының тазалығын сақтау.

Қазақы ит тұқымдарын сақтау мен өсімін молайтуды қамтамасыз ету жүйесіне мыналар кіреді:

1) аумақтық бөлімшелері бар оның ведомствосын қоса алғанда, уәкілетті орган;

2) қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар;

3) қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығы;

4) қазақы тұқымды иттерді өсірумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар.

Қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мақсатында құрылатын уәкілетті органның мамандандырылған ұйымы жанындағы қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығына маңызды рөл берілген.

Орталықтың негізгі құзыретіне бірыңғай тұқым-тегі кітаптарын жүргізу, қазақы ит тұқымдарының стандарттарын әзірлеу және басқа да міндеттер кіреді.

Сонымен қатар заң жобасы кинологиялық қызмет ұғымдарын, қазақы тұқымды иттің шығу тегі туралы куәлікті, бірыңғай асыл тұқым туралы кітапты, қазақы ит тұқымдары мен Ұлттық аңшылық стандартын айқындайды.

Мемлекеттік қолдау қазақы ит тұқымдарын, оның ішінде ұлттық орталықта сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті қаржыландыру жолымен жүзеге асырылатын болады. Ол негізгі талаптардың бірі.

Осы салада жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктер бұл бағыттағы қызметті ілгерілетуге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс алады.

Сондай-ақ заң жобасында Қазақстан Республикасының ғылыми ұйымдары жүзеге асыратын қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы ғылыми зерттеулер жөніндегі норма көзделген.

Ғылыми ұйымдар уәкілетті органдармен, ұлттық орталықпен, сондай-ақ кинологиялық қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлеуді жүзеге асырады.

Заң жобасының нормаларын іске асыру үшін 1,4 миллиард теңге қажет болады. Бұл сома 2022 жылғы 18 қазанда Республикалық бюджет комиссиясының отырысында қолдау тапты.

Әлеуметтік-экономикалық салдары:

қазақы тазы және төбет ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру;

қазақы тазы және төбет ит тұқымдарының гендік қорын сақтауға, дамытуға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдау үшін құқықтық негіз құру.

Заң жобасын қабылдау теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқпайды.

Құрметті депутаттар, мемлекеттік органдардың өкілдері, жұмыс тобының қатысушылары, ғылыми ұйымдар, кинологтар, селекционерлер заң жобасын дайындауға белсенді қатысқандарыңыз үшін баршаңызға алғысымды білдіргім келеді.

Назар аударғандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Ожаев Нұрлыбек Жұмахметұлы.

ОЖАЕВ Н.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Әмірхан Мұратбекұлы, баяндамаңызға рақмет. Мен осы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімнен оны қолдауды сұраймын.

Бүгінгі заң жобасына сәйкес қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін уәкілетті орган ретінде Қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығын айқындалып отыр.

Осы орталық қай ұйымның негізінде ашылды және қазақы иттерді іріктеу тәртібі қандай, оның таза тұқымын алу қашанға жоспарланып отырғандығы жөнінде түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

Ұлттық орталықты құру туралы жұмыс тобында көп талқыланды. Министрліктің жанындағы «Охотзоопром» деген өндірістік бірлестік көп жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанын өздеріңіз білесіздер. Соның жанынан осы орталық құрылатын болады. Ол Алматыда да немесе Астанада да болатыны туралы мәселе қаралып жатыр.

Бұл орталықтың жұмысы негізінен қазақы ит тұқымдарын стандарттау, сондай-ақ неғұрлым қолайлығына және өзге де қасиеттеріне қарап, оны іріктеп, таза тұқым іріктелінетін болады.

Негізінен бұл заң жобасы қазақы тазы мен төбеттің тазалығын шығарып, ары қарай дамытуды жалғастыру үшін өте қажет.

Халықаралық деңгейде үлкен кинологиялық ұйым бар. Осы заң жоба қабылданғаннан кейін заңды түрде сол ұйымға кіру үшін, халықаралық деңгейде қазақы тазы мен төбетті тіркеу үшін және ол біздің бренд ретінде болу үшін кинологиялық бірлестік жұмыс жасайды. Бұл қазақы ит тұқымдары үш буынға, үш ұрпаққа дейін таза болуы керек, көрмеге тұқымы таза сондай иттер қатысуы керек. Төртінші тұқымына дейін таза шығару, әрине, ол орталықтың жұмысы. Болашақта қазақы тазы және төбеттер осылай іріктелетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Смағұл Бахытбек Смағұлұлы.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне.

Заң жобасында қазақы ит тұқымдарын сақтауға және өсімін молайтуға, сондай-ақ олардың тұқымының тазалығын қорғауға бағытталған іс-шараларды қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау көрсету көзделіп отыр. Осыған байланысты сұрағым бар.

Мемлекеттік қолдауды іске асырудың тетігі қандай болады және бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау жасау қалай жүзеге асырылады? Рақмет.

ШАЛАБЕКОВА Ә.Л. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Заң жобасы бойынша қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту үшін мемлекеттік қолдау екі бағытта жүргізіледі. Біріншіден, ұлттық орталықтың қызметін мемлекеттік қолдауды, оның ішінде бөлінген бюджеттің қаражатын нысаналы пайдаланылуын бақылауды министрлік жүзеге асырады. Екіншіден, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша осы салада жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктерде иттердің көшпелі байқауларын және тест-сынақтар өткізу үшін қаражат бөлінеді. Министрлік осы әлеуметтік тапсырысты нысаналы индикатор арқылы бағалайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Ташқараев Ғани Әбдіғаниұлы.

ТАШҚАРАЕВ Ғ.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Әмірхан Мұратбекұлы! Біздің ойымызша, қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту жөніндегі нормаларды іске асырудың соңғы кезеңдерінің бірі халықаралық кинологиялық федерацияларда қазақы ит тұқымдары мен сол тұқымының стандарттары Қазақстан Республикасының екендігін тану болып табылады.

Айтыңызшы, осы бағытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр? Қазақы ит тұқымдарын халықаралық деңгейде тіркеу тәртібі қандай? Және осы жұмысты қандай мерзімде орындауды жоспарлап отырсыздар? Рақмет.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Сұрағыңызға рақмет. Өте орынды сұрақ.

Бұл халықаралық ұйымға мемлекеттік емес ұйым қатысуы керек, өйткені Қазақстанда кинологиялық үлкен мемлекеттік ұйым бар, солар ғана қатысады. Әрине, иттердің популяциясы бар, сонымен қатар кинологиялық федерациялардың келісімі бойынша Бельгияда FCI деген халықаралық ұйым бар, сол ұйымға қатысу үшін керекті бір популяцияға байланысты құжаттарды дайындауымыз керек. Соған байланысты бүгін қаралып жатқан заң жобасының өзі алғашқы қадамдардың бірі. Әрине, мемлекеттік ұлттық кинологиялық ұйымға біздің министрліктер және орталықтан келген ғалымдар көмектеседі, ары қарай жұмыс жалғасады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Колода Дмитрий Владимирович.

КОЛОДА Д.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства экологии, геологии и природных ресурсов.

В соответствии с действующим Законом «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира» республиканские ассоциации общественных объединений охотников ведут учет и регистрацию ловчих хищных птиц, используемых в охоте. Законопроектом же предлагалось, что данные общественные объединения будут вести учет и регистрацию ловчих хищных птиц и национальных пород собак. Вместе с тем при рассмотрении законопроекта в рабочей группе данная норма была исключена из законопроекта.

Скажите, пожалуйста, почему данная норма была исключена из законопроекта и как планируется проводить регистрацию собак национальных пород? Спасибо.

ШАЛАБЕКОВА Ә.Л. Уважаемые депутаты! Действительно, в рамках рассмотрения данного законопроекта эта норма была. Вместе с тем, принимая во внимание вступающую в силу в следующем году норму по обязательной регистрации всех домашних питомцев в единой системе учета, к которым относятся и казахские тазы и тобет, а также во избежание двойной нагрузки на владельцев казахских пород собак данная норма была исключена депутатами.

Я хотела бы отметить, что, помимо охотничьих собак породы тазы, имеются и другие охотничьи виды. Таким образом, мы создали бы дискриминацию по отношению именно к владельцам данных пород собак.

Как было отмечено в докладе, все чистопородные собаки будут учитываться в единой родословной книге, правила ведения которой будут разработаны и утверждены уполномоченным органом.

Кроме того, по регистрации других охотничьих собак эти вопросы будут урегулированы в разрабатываемом сейчас уполномоченным органом законопроекте «Об охотничьей деятельности». Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлы.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Әмірхан Мұратбекұлы! Заң жобасына сәйкес уәкілетті орган қазақы ит тұқымдарының стандарттарын бекітеді. Сонымен қатар қазірдің өзінде Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітілген үйде асырайтын қазақы ит тұқымына қатысты стандарттар қолданыста бар. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Осы стандарттар бір-бірін қайталамайды ма? Олардың қайсысы қазақы ит тұқымдарын анықтау үшін негіз болып табылады? Осы стандарттарды әзірлеу кезінде қазақы ит тұқымдарының ішіндегі қазақы тазының (құмай, өжет, сыртан) әртүрлілігі қалай ескеріледі?

Осыны айтып берсеңіз. Рақмет.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Дархан Қамзабекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Иә, Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы бар, ол қазір жұмыс жасап жатыр. Әртүрлі иттер бар ғой. Тазы, төбет ұстайтын өңірлерде азаматтар бар, біледі олар, ол иттердің бойлары да бірдей емес. Осы заң шыққаннан кейін бұл мәселеге қатты көңіл бөлінеді, яғни өкілетті органдар орталықтағы ғалымдармен, сарапшылармен бірлесіп жаңа стандарттарды әзірлейтін болады. Сонымен қатар төбет итке қатысты да стандарттар әзірленеді. Жалпы, тарихымызда ежелден келе жатқан иттерді қарап, сол бойынша стандартты дайындайды. Ал Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен бұйрықтың күші жойылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әмірхан Мұратбекұлына тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Дүйсенбай Нұрбайұлы Тұрғановқа беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Бұл заң жобасын Парламент депутаттары қазақы ит тұқымдары – тазы мен төбетті сақтау және өсімін молайту мәселелерін реттеу мақсатында әзірлеп, бастамашылық етті.

Қазақы тазы мен қазақы төбет тұқымдарын сақтау жұмысын үйлестіру жөніндегі тапсырманы Мемлекет басшысы берген болатын. Басталған жұмыс шеңберінде қазақы ит тұқымдарының тектік қорын қолдауға және сақтауға бағытталған жекелеген нормаларды заңнамалық тұрғыдан бекіту қажеттілігі анықталған.

Бұрын қазақы ит тұқымдарымен жұмысты реттеу бойынша ешқандай мемлекеттік тетіктер болмағанын атап өткім келеді. Осы заң жобасымен мемлекет уәкілетті орган атынан қазақы тазы мен төбет тұқымдарын сақтау және өсімін молайту бойынша жұмысын мыналар арқылы бастайын деп отыр:

қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығын ашу;

иттерді, қазақы ит тұқымдарын тіркеу арқылы есепке алуды жүргізу;

екі тұқымның стандарттарын әзірлеу;

республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлу және қазақы ит тұқымдарының тазалығын қорғауға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруды мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар түзетулер енгізді. Оның ішінде:

«қазақы ит тұқымдары бекітілген стандартқа сай келетін қазақы тазы мен қазақы төбеттің ежелгі тұқымдары» деген ұғымды нақтылауға бағытталған түзетулер.

Сонымен қатар «қазақы ит тұқымдарының шығу тегі туралы куәлік», «қазақы ит тұқымдарының бірыңғай тектік кітабы», «қазақы ит тұқымдарына жататын тұқымы таза ит», «қазақы ит тұқымдарының стандарттары» ұғымдары нақтыланды;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және уәкілетті органның құзыреттерін нақтылауға;

Қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығының атауын, мәртебесін, міндеттері мен қаржыландыру тәртібін нақтылауға бағытталған түзетулер енгізді.

Ит асыраушылар мен кинологтардың негізгі заңға тәуелді актілерді әзірлеуге қатысуын кеңейту мақсатында қазақы ит тұқымдарының стандарттарын, қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеуді ұлттық орталық пен ғылыми ұйымдар кинологиялық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен бірлесіп жүзеге асыратын болады деп ұсынылды.

Сонымен қатар қазыналық кәсіпорындар қызметінің тізбесін қазақы ит тұқымдарының сақтауды және өсімін молайтуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметпен толықтыру ұсынылды.

Заң жобасын қарау шеңберінде презентация, жұмыс тобының жеті отырысы және бас комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді. Жұмыс тобына елуден астам түзетулер келіп түсті, олар мүдделі министрліктер мен ведомстволардың пікірлерін ескере отырып пысықталды. Заң жобасындағы жұмысқа ғылыми-зерттеу институттарының, «Қансонар» аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығының, «Қазақстан кинологиялық одағы» ЗТБ, «Қазақы тазы» тұқымының ұлттық клубының, кинологиялық клубтардың өкілдері, аңшылар, қазақы ит тұқымдарын асыраушылар тартылды.

Қорытынды салыстырма кестеде қабылданбаған түзетулер жоқ.

Заң жобасы бойынша жұмыс істеуге белсене қатысқандары үшін жұмыс тобының мүшелері – Мәжіліс депутаттарына, мемлекеттік органдарға, Парламентаризм институтына, Зоология институтына, сарапшыларға, зоологтарға, қазақы ит тұқымын асыраушыларға, кинологтарға және Мәжіліс Аппаратына алғыс айтқым келеді.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша өздерінің он қорытындыларын берді.

Мен заң жобасын қолдауды және Сенаттың қарауына жіберуді ұсынамын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенбай Нұрбайұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлына беріледі.

ӘЛТАЙ А.Д. Құрметті әріптестер! Қазақы тазы мен төбет - ол ежелден келе жатқан, ұлы тарихымызбен астасып кеткен, біздің ата-бабаларымыздың өмір тіршілігіне тікелей байланысы бар ежелгі ит тұқымдары.

Егер тарихқа назар салсаңыздар, кешегі қиын кезеңдерде – 1932, 1937 жылдары бір тазы бір ауылды асыраған оқиғалар аз болмаған. Сондықтан осы заң жобасы арқылы біз ежелгі ит тұқымдарын дамытуға қолдау көрсетіп отырмыз. Оны барлықтарыңыздың қолдауларыңызды сұраймын.

Жаңа баяндамашы айтып кеткендей, қазақы тазы мен төбеттің стандартын белгілеуде әр өңірдің ерекшелігін ескеруіміз керек, мысалы, Қаратау бойының тазылары, Ерейменнің тазылары, Баянтаудың тазылары деген секілді әр өңірдің тазы тұқымдарының өзіндік ерекшеліктері бар. Заң жобасында осының бәрі ескеріледі деп ойлаймын.

Көбінесе біздің халқымыз төбет итті сақтап, оны дамытқан кезде төбет ит ауыл шаруашылығында, яғни ата-бабаларымыздың мал шаруашылығын өркендетуде, әсіресе қой бағуда ерекше пайдасы зор болған.

Өздеріңіз білесіздер, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев алдағы бес жылды ауыл шаруашылығын дамытуға арнап отыр. Сондықтан ауыл шаруашылығында қой шаруашылығын дамытуда қазақы төбеттің өзіндік пайдасы зор болады. Ауылдарда мал шаруашылығындағы қой отарларының

соңында жолбарыстай болып қазақтың байтөбеті, алатөбеті жүрсе, ол қандай тамаша болады. Сондықтан құстың қос қанатындай, домбыраның екі шегінде қазақ үшін қастерлі қазақы төбет пен тазыны дамыту, оның тектік асылдығын, тектік тазалығын сақтау біз үшін маңызды деп есептеймін.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында заң жобасын мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, сол ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 91. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93. Қаулы қабылданды.



*Әріпте: Құжаттамалармен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майя Н. Майынбаева.*